

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелердің және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 ақпандағы N 24/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 сәуірде N 2654 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 54/14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 19.06.2020 № 54/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3 бабының 6 тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл ауылының көшелердің және көппәтерлі үйлердің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылында жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көшелердің және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының
мәслихат Қызылжар аудандық
сессиясының төрайымы

Г. Елубаева

Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық
мәслихат хатшысы

А. Молдахметова

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар ауданының
Бескөл ауылдық округінің әкімі Н. Телтаев
26 ақпан 2014 жылы

Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 26 ақпандағы № 24/5
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын көшелердің және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№ р/с	Көшелердің атауы және көппәтерлі тұрғын үйлердің мекен-жайлары	Бескөл а. тұрғындардың көшелердің саны (адамдар)
1	Абай	1
2	Аққайын	1
3	Райымбек Батыр	1
4	Чайковский	1
5	Лесная	1
6	Сенатская	1
7	Қазыбек би	1
8	Қожаберген жырау	1
9	Сенная	1
10	Конституция	1
11	Садовая	1
12	Пирогов	1
13	Полевая	1
14	Құрманғазы	1
15	Восточная	1
16	Бишкульская	1
17	Ғабит Мұсрепов	1
18	Дачная	1
19	Кенесары	1
20	Южная	1
21	Сатпаев	1
22	Абұлхайыр	1
23	Төле би	1
24	Магистральная	2
25	Интернациональная	2
26	Первомайская	2
27	Северная	2

28	Ломоносов	2
29	Амангельді	2
30	К.Сүтүшев	2
31	Қызылжар	2
32	Сейфулин	2
33	М.Жұмабаев	2
34	Монтажников	2
35	60 лет Победы	2
36	Ипподромная	2
37	Энтузиастов	2
38	Есенин	2
39	Труд	2
40	С.Мұқанов	2
41	Ч.Уәлиханов	2
42	Қарасай батыр	2
43	Пушкин	3
44	М.Маметова	3
45	Зеленая	3
46	Солнечная	3
47	Степная	3
48	Береговая	3
49	Целинная	4
50	Куйбышев	4
51	Добровольского	4
52	Степан Разин	5
53	Жамбыл	5
54	70 лет Октября	5
55	Фабричная	5
56	Почтовая	5
57	Озерная	5
58	Школьная	5
59	Казахстанская	5
60	Новая	6
61	Дзержинского	6
62	Луговая	6
63	Әуезов	6
64	Рабочая	6
65	Мир	6
66	Ленин	7
67	Калинин	9
68	Молодежная	5
69	Энергетиков	12

70	Театральная	7
71	Комаров	12
72	Горький	16
73	Киров	19
74	Октябрьская	12
75	Спортивная	11
76	Советская	22
77	Фурманов	12
78	Мир 1д	2
79	Мир 2д.	4
80	Ульянов 1д	5
81	Ульянов 2д	15
82	Ульянов 3д	4
83	Ульянов 4д	2
84	Ульянов 5д	5
85	Ульянов 6д	3
86	Ульянов 7д	6
87	Ульянов 8д	7
88	Ульянов 9д	4
89	Ульянов 10д	8
90	Ульянов 11д	4
91	Ульянов 14д	2
92	Ульянов 16д	2
93	Ульянов 17д	1
94	Ульянов 18д	1
95	Ульянов 19д	2
96	Ульянов 20д	1
97	Ульянов 21д	2
98	Ульянов 22д	1
99	Ульянов 23д	1
100	Ульянов 24д	2
101	Пионерская 2а	8
102	Пионерская 2д	3
103	Пионерская 4д	4
104	Пионерская 6д	4
105	Пионерская 8д	4
106	Молодежная 1д	1
107	Молодежная 3д	2
108	Молодежная 5д	1
109	Молодежная 6д	8
110	Молодежная 7д	1

111	Театральная 1д	2
112	Театральная 12д	1
113	Театральная 13д	2
114	Театральная 16д	5
115	Институтская 2д	7
116	Институтская 3д	6
117	Институтская 4д	8
118	Институтская 5д	7
119	Институтская 6д.	13
120	Институтская 7д	6
121	Октябрьская 1д	2
122	Октябрьская 1 а	5
123	Октябрьская 2д	1
124	Октябрьская 2 а	6
125	Октябрьская 15д	4
126	Спортивная 1д	5
127	Спортивная 3д	4
128	Спортивная 5д	5
129	Спортивная 7д	4
130	Спортивная 9д	2
131	Спортивная 11д	6
132	Фурманов 1д	4
133	Фурманов 2 а	6
134	Фурманов 2д	6
135	Фурманов 3д	1
136	Фурманов 4д	7
137	Фурманов 5д	5
138	Фурманов 6 а	7
139	Фурманов 7д	5
140	Фурманов 8д	5
141	Фурманов 9д	5
142	Фурманов 10д	2
143	Фурманов 11д	4
144	Фурманов 12д	4
145	Фурманов 13д	4
146	Фурманов 15д	2

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 26 ақпандағы
№ 24/5 шешімімен
бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі
Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің бөлек жергілікті
қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің әкімі шақырады.

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Қызылжар" және "Маяк" газеттері немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл ауылының шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің

қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл көшелердің және көппәтерлі үйлердің тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Қызылжар ауданы мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.